

## Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына қойылатын талаптар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссияның Қаулысы 1998 жылғы 25 маусым N 9 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 6 тамызда тіркелді. Тіркеу N 562

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қадағалау ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 283 Қаулысымен.*

### -----Қаулыдан үзінді-----

*Нормативтік құқықтық актілерді "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

- 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі...*

### *Төраға*

### *Қосымша*

*Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

- 1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" 1998 жылғы 25 маусымдағы N 9 қаулысы ( Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 562 тіркелген, 1998 жылы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағында, II-том; 2001 жылы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық және нормативтік актілер жинағында жарияланған, IY-том)...*

-----

Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті реттеу және инвесторлардың мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

1. Бағалы қағаздар рыногындағы депозитарлық қызметті жүзеге асыруға қажетті жеткілікті өз капиталының ең төменгі деңгейіне қойылатын мынадай

талаптар белгіленсін:

2000 жылғы 01 шілдеге дейін - 60.000 есе айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде ;

2000 жылғы 01 шілдеден 2001 жылғы 01 шілдеге дейін - 70.000 есе айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде;

2001 жылғы 01 шілдеден бастап - 90.000 есе айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде . < \* >

*Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 26 ақпандағы N 64 қаулысымен . V001075\_*

1-1. Бағалы қағаздар рыногында депозитарлық қызметті жүзеге асыруға арналған қажетті резервтік және сақтандыру капиталының ең төменгі деңгейі жарияланған жарғылық капиталдың 30 және 20 пайызы мөлшерінде белгіленсін.  
< \* >

*Ескерту: Жаңа 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 30 қыркүйек N 42 Қаулысымен . V990921\_*

2. Бағалы қағаздар рыногында депозитарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ы өз, резервтік және сақтандыру капиталдарының мөлшерін осы Қаулыға сәйкес келтірсін.<\*>  
\*

*Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 30 қыркүйек N 42 Қаулысымен . V990921\_*

*Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 26 ақпандағы N 64 қаулысымен . V001075\_*

3. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 28 ақпандағы "Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" N 30 қаулысының 1-тармағының төртінші және бесінші абзацтар күші жойылған деп танылсын.

4. Осы Қаулы Қазақстан Республикасының әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасына жүктелсін.

Комиссия Төрағасы

Комиссия мүшелері

